

Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының жүйесінде ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 2014 жылғы 23 шілдедегі № 455 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 4 тамызда № 9667 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № 863 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ішкі істер министрінің 21.12.2020 № 863 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 23 сәуірдегі Заңын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының жүйесінде ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының Бас қолбасшысы, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі комитеттерінің төрағалары, департаменттерінің бастықтары, облыстардың, Астана, Алматы қалаларының, Көліктегі ішкі істер департаменттерінің, облыстардың және Астана қаласының қылмыстық-атқару жүйесі департаменттерінің бастықтары:

1) өздерінің орынбасарларының біріне ішкі істер органдарын ғылыми камтамасыз етуді ұйымдастыру бойынша функцияны жүктесін;

2) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің білім беру ұйымдарымен ғылыми зерттеулер жүргізуге өтінімдер беру және орналастыру және олардың нәтижелерін Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының практикалық қызметіне енгізу мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасасуды ұйымдастырсын.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Кадр жұмысы департаменті (А.Ү. Әбдіғалиев):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің бірінші орынбасары полиция генерал-майоры М.Ғ. Демеуовке және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Кадр жұмысы департаментіне (А.Ү. Әбдіғалиев) жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

полиция генерал-лейтенанты

Қ. Қасымов

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2014 жылғы 23 шілдедегі
№ 456 бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының жүйесінде ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының (бұдан әрі – ПО) жүйесінде ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы", "Ғылым туралы", "Білім туралы" заңдарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің (бұдан әрі – ПМ) нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді.

2. ПО жүйесіндегі ғылыми-зерттеу қызметінің мақсаты ПО жедел-қызметтік жұмысын ғылыми, ғылыми-техникалық және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету және ғылыми зерттеу нәтижелерін практикалық қызметке және ПМ білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесіне енгізу болып табылады.

3. Ғылыми қызметті ұйымдастыру және үйлестіру үшін ПМ-де тұрақты жұмыс істейтін кеңесші орган – ПМ-нің Ғылыми-техникалық кеңесі (бұдан әрі – ГТК) жұмыс істейді.

ГТК-нің негізгі міндеттері және функциялары:

1) ПО жүйесінің қызметін ғылыми қамтамасыз етудің перспективалары мен басым бағыттарын айқындау;

2) ғылыми-инновациялық бағдарламалардың жобаларын, сондай-ақ ПМ басшылығының стратегиялық, басқарушылық шешімдер қабылдауын қажет ететін проблемаларды қарау;

3) ғылыми-қолданбалы зерттеулерді және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыру көздері мен тәртібін айқындау;

4) ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін қолдану;

5) ПМ-нің ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарының, салалық және мақсатты кешенді ғылыми бағдарламалардың жобаларына тапсырыстарды қарау және қалыптастыру, олардың іске асырылуына бақылау;

6) ПО мен Ұлттық ұлан қызметінің өзекті ғылыми проблемаларын талқылау, ғылыми-зерттеулерді, олардың практикалық маңыздылығын бағалау;

7) ғылыми-зерттеу нәтижелеріне эксперименттік тексеру жүргізу үшін базалық ПО-ны белгілеу және олардың қорытындыларын шығару;

8) ғылыми зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарының нәтижелерін енгізуді жетілдіру бойынша шараларды әзірлеу және тиімділігін талдау;

9) Қазақстан Республикасының және шетел мемлекеттерінің басқа құқық қорғау органдарымен ПМ-нің ғылыми ынтымақтастығының негізгі бағыттары мен нысандарын әзірлеу болып табылады.

ҒТК-нің құрамына ПМ-нің негізгі бағыттары бойынша бейіндік секциялары кіреді. ҒТК-тің құрылымы мен құрамы Ішкі істер министрінің бұйрығымен бекітіледі. ҒТК-нің төрағасы Ішкі істер министрінің орынбасары болып табылады.

4. ПО жүйесіндегі ғылыми-зерттеу қызметін жоспарлау, үйлестіру және бақылау ПМ Кадр жұмысы департаментіне (бұдан әрі – КЖД) жүктеледі.

5. ПО-да ғылыми-зерттеу қызметін ПМ-ге ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдары (бұдан әрі – ЖОО) жүзеге асырады.

6. ЖОО-дағы ғылыми-зерттеу қызметіне жалпы басшылықты бастық, тікелей - бастықтың ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары жүзеге асырады.

7. ЖОО-лардың ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру жөніндегі міндеттері :

1) іргелі, қолданбалы және ізденгіштік ғылыми зерттеулерді жүргізу және инновациялық қызметті жүзеге асыру;

2) ғылыми зерттеулер арқылы жаңа білім алу;

3) жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі және қосымша білім беруді дамытудың теориялық және әдіснамалық негіздерін әзірлеу;

4) ғылыми зерттеу нәтижелерін оқу процесіне және практикалық қызметке енгізу;

5) өзіндік ғылыми мектептерді қалыптастыру және дамыту, ғылыми және ғылыми-техникалық қызметке ғылыми-педагогикалық жұмыскерлерді және білім алушыларды тарту;

6) оқытудың инновациялық технологияларын әзірлеу және ЖОО-ның оқу-тәрбие процесіне енгізу;

7) зерттеушілер мен әзірлеушілердің зияткерлік меншігі мен авторлық құқықтарын қорғау;

8) білім алушылардың ғылыми және ғылыми-техникалық қызметін ұйымдастыру және басшылық ету;

9) ПМ-мен келісім бойынша халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру.

8. ЖОО-лардың ғылыми және ғылыми-техникалық қызметі мамандар даярлау процесінің құрамдас бөлігі болып табылады.

2. Ғылыми-зерттеу қызметінің субъектілері

9. Ғылыми-зерттеу қызметінің субъектілері тапсырыс беруші және орындаушы (бірлесіп орындаушы) болып бөлінеді.

10. Ғылыми зерттеулерге және тәжірибелік-конструкторлық жұмысқа (бұдан әрі – ҒЗТКЖ) тапсырыс берушілер ПМ бөліністері, ПМ білім беру ұйымдары, ПМ басшылығының рұқсаты болған жағдайда басқа да мемлекеттік органдар болып табылады.

11. ПМ ЖОО-лары, ПМ ЖОО-лары және ПМ құрылымдық бөліністері, ішкі істер және қылмыстық-атқару жүйесі департаменттерінің (бұдан әрі – ПД, КПД, ҚАЖД) қызметкерлері қатарынан авторлық ұжымдар, сондай-ақ ПМ басшылығымен және тиісті ғылыми мекемелермен және ұйымдармен келісім бойынша орындаушылар ретінде тартылатын басқа да білім беру ұйымдары мен ғылыми мекемелер мен ұйымдар ҒЗТКЖ орындаушылары болып табылады.

12. ҒЗТКЖ-ға тапсырыс беруші:

1) ғылыми зерттеулер жүргізуге өтінімдер қалыптастырады;

2) орындаушыға бастапқы деректерді (техникалық талаптарды) ұсынады, ғылыми зерттеулер жүргізу үшін қолда бар статистикалық, аналитикалық, ақпараттық және өзге де қажетті материалдармен қамтамасыз етеді;

3) ҒЗТКЖ зерттейтін мәселелер бойынша бөлініс қызметін зерделеуді қамтамасыз етеді;

4) орындалған ҒЗТКЖ-ға пікір дайындайды;

5) ҒЗТКЖ-ны іске асыру бойынша жұмыс құжаттамасын қарастырады;

6) орындаушыға ҒЗТКЖ жүргізуге көмек көрсетеді және қажет болған жағдайда қатысады, оның ішінде авторлық ұжым құрамында қатысу үшін өз өкілдерін бөледі;

7) ҒЗТКЖ-ны қабылдауды ұйымдастырады және қатысады және оларға қабылдау актісін дайындайды;

8) ҒЗТКЖ нәтижелерінің деңгейі мен тиімділігін бағалайды;

9) ҒЗТКЖ нәтижелерін ІО қызметіне енгізуді, сондай-ақ білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие қызметіне, оның ішінде кезең-кезеңмен енгізуді жүзеге асырады және енгізу актісін ресімдейді.

13. Орындаушы (бірлесіп орындаушы – авторлық ұжым):

1) жұмыс бағдарламалық құжаттама әзірлейді;

2) тапсырыс берушіден ғылыми зерттеулер жүргізу үшін қажетті статистикалық, аналитикалық, ақпараттық және өзге де қажетті материалдар сұратады;

3) ҒЗТКЖ-ны тікелей жүзеге асырады;

4) ғылыми ақпараттың тұрақты жұмыс істейтін қорын қалыптастырады;

5) ғылыми іс-шаралар (конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер және басқа) ұйымдастыруға және өткізуге қатысады;

6) қолданыстағы заңнамаға сәйкес тіркеу және есепке алу үшін жүргізіліп жатқан және аяқталған ҒЗТКЖ туралы ақпарат жолдайды;

7) тапсырыс берушіге ҒЗТКЖ нәтижелерін ұсынады;

8) ҒЗТКЖ нәтижелерін енгізуді авторлық сүйемелдеуді жүзеге асырады;

9) аяқталған және тапсырыс беруші қабылдаған ғылыми зерттеу нәтижелерін талдауды жүзеге асырады.

3. Ғылыми-зерттеу қызметін жүргізуді ұйымдастыру және тәртібі

14. ІО жүйесінде ғылыми-зерттеу қызметі ғылыми зерттеулер жоспарларына сәйкес және ІМ бөліністерінің, аумақтық ІО-лардың өтінімдері, сондай-ақ ІМ білім беру ұйымдарының бастамасы бойынша жүзеге асырылады.

15. ҒЗТКЖ жүргізуге өтінімдер осы Нұсқаулыққа 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді.

16. Ғылыми және ғылыми-техникалық қызметті перспективалық және ағымдағы жоспарлау мақсатында:

1) ІМ-нің үш жылға арналған ҒЗТКЖ жоспары;

2) ЖОО-лардың үш жылға арналған ҒЗТКЖ-ның перспективалық жоспары (бұдан әрі – ҒЗТКЖ перспективалық жоспары);

3) ЖОО-лардың күнтізбелік жылға жасалған ҒЗТКЖ жоспары (бұдан әрі – ҒЗТКЖ жоспары) әзірленеді.

17. Жоспар жобалары осы Нұсқаулыққа 2-қосымшаға сәйкес ұсыныстар негізінде әзірленеді.

18. ІМ ҒЗТКЖ жоспарының жобасын КЖД осы Нұсқаулыққа 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әзірлейді, ІМ Ғылыми-техникалық кеңесінің қарауына енгізіледі және ІМ басшылығы бекітеді.

19. Ғылыми-техникалық кеңестің шешімі бойынша ІІМ ҒЗТКЖ жоспарына ІІМ бөліністерінің өтінімдері негізінде мынадай негіздер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін:

- 1) мемлекеттік және салалық бағдарламаларға, ІІМ стратегиялық жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
- 2) қосымша уақытты қажет ететін зерттеудің жаңа аспектілерінің пайда болуы;
- 3) тақырыптың ғылыми және практикалық маңызының жойылуы;
- 4) ІІМ құрылымдық бөлінісінің ұйымдастырушылық-штаттық өзгерістері және қайта ұйымдастырылуы.

20. ҒЗТКЖ перспективалық жоспарын және ЖОО-лардың ҒЗТКЖ жоспарын ғылыми-зерттеу және редакциялық-баспа жұмысын ұйымдастыру бөлімі (бұдан әрі – бөлім) әзірлейді.

21. Бөлім ҒЗТКЖ перспективалық жоспарын және ЖОО ҒЗТКЖ жоспарын қалыптастыру үшін:

1) жоспарланатын жылдың алдындағы жылдың 20 қыркүйегіне дейін ЖОО-лардың құрылымдық бөліністерінен (бұдан әрі – ЖОО-лардың бөліністері) өтінімдер мен ұсыныстар сұратады;

2) жоспарланатын жылдың алдындағы жылдың 15 қарашасына дейін осы Нұсқаулыққа 4, 5-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша ҒЗТКЖ перспективалық жоспарының және ЖОО-лардың ҒЗТКЖ жоспарының жобасын әзірлейді және Ғылыми кеңеске қарауға ұсынады.

22. Перспективалық жоспардың және ЖОО-лардың ҒЗТКЖ жоспарының жобалары Ғылыми кеңесте қаралады және жоспарланған жылдың 1 қаңтарына дейін ЖОО бастығы бекітеді.

23. Перспективалық жоспар мен ЖОО-лардың ҒЗТКЖ жоспары КЖД-ға жоспарланатын жылдың 15 қаңтарына дейін жолданады.

24. ҒЗТКЖ перспективалық жоспарына және ЖОО-лардың ҒЗТКЖ жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге Ғылыми кеңестің шешімі бойынша мынадай негіздер бойынша рұқсат етіледі:

- 1) мемлекеттік және салалық бағдарламаларға, ІІМ стратегиялық жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
- 2) қосымша уақытты қажет ететін зерттеудің жаңа аспектілерінің пайда болуы;
- 3) тақырыптың ғылыми және практикалық маңызының жойылуы;
- 4) орындаушының, авторлық ұжым басшысының дәлелді себептермен ұзақ уақыт болмауы немесе жұмыстан босатылуы.

25. ЖОО-лардың ҒЗТКЖ жоспарына аяқталуы күнтізбелік жылда көзделген тақырыптар, сондай-ақ бір жылға жұмыс мазмұны мен жоспарланып отырған нәтижені көрсете отырып келесі жылға (жылдарға) өтетін тақырыптар кіреді.

26. Жоспарланатын жылдың 15 қаңтарына дейінгі мерзімде ЖОО бастығының бұйрығымен ҒЗТКЖ-ның тақырыптары, ғылыми жетекшілер мен орындаушылар бекітіледі.

27. Осы Нұсқаулыққа 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыс бағдарламасы ҒЗТКЖ жүргізу үшін негізгі құжат болып табылады.

Оқулықтар, оқу құралдарын, практикумдар дайындаған жағдайда осы Нұсқаулыққа 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қолжазбаның жоспар-нобайы ресімделеді.

Қолжазбаны орталықтандырып басып шығарған кезде осы Нұсқаулыққа 8-қосымшаға сәйкес басылымның жоспар-нобайы ресімделеді.

Ғылыми зерттеу нәтижелердің екі немесе одан көп түрін, оның ішінде оқулықтар, оқу құралдарын және практикумдар дайындауды көздеген жағдайда жұмыс бағдарламалық құжаттама зерттеудің жұмыс бағдарламасын және қолжазбаның жоспар-нобайын әзірлеуге қойылатын талаптарды ескере отырып ресімделеді.

28. Жұмыс бағдарламалық құжаттаманы (жұмыс бағдарламасы, қолжазбаның жоспар-нобайы) ғылыми зерттеудің орындаушысы әзірлейді және ЖОО-ның ҒЗТКЖ жоспары бекітілген сәттен бастап он бес жұмыс күні ішінде ЖОО-лардың бастығы не оның ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары бекітеді.

29. ҒЗТКЖ-ны жоспардан тыс жүргізген жағдайда жұмыс бағдарламалық құжаттама ғылыми зерттеу жүргізу туралы шешім қабылданған сәттен бастап он жұмыс күні ішінде әзірленеді, келісіледі және бекітіледі.

Ескерту. 29-тармақтың орыс тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізілген, мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгермейді - ҚР Ішкі істер министрінің 09.06.2015 № 516 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

30. ҒЗТКЖ-ны жоспардан тыс жүргізген кезде, егер әзірлеу мерзімі алты айдан аспаса, ғылыми зерттеу жүргізудің жоспар-кестесі еркін нысанда жұмыстың орындалу кезеңдері мен мерзімін көрсете отырып әзірленеді.

31. Қолданбалы ғылыми зерттеулерді орындаудың жалпы ұзақтығы үш жылдан аспауы тиіс.

32. ҒЗТКЖ-ны авторлық ұжым және жеке орындаушы жүзеге асыруы мүмкін.

33. ҒЗТКЖ-ны авторлық ұжым жүргізген кезде жоғары білікті мамандар – ЖОО-лардың құрылымдық бөліністерінің бастықтары, олардың орынбасарлары, аға ғылыми қызметкерлер, профессорлар, доценттер, сондай-ақ ғылыми дәрежесі бар аға оқытушылар қатарынан жетекші тағайындалады.

ЖОО-лардың бастықтары авторлық ұжымдардың жетекшісі ретінде қосымша жұмыс істей алады.

34. Ғылыми зерттеуді (не оның жекелеген кезеңдерін) орындағаннан кейін орындаушы ғылыми жұмыс туралы қорытынды (аралық) есеп ресімдейді.

35. Ғылыми зерттеулер тақырыбы бойынша ҒЗТКЖ туралы есеп ЖОО-ның Ғылыми кеңесінің отырысында қаралады және мақұлданған жағдайда ЖОО бастығы бекітеді.

36. ИМ ҒЗТКЖ жоспарына сәйкес жүргізілетін ҒЗТКЖ нәтижелері ИМ тиісті қызметіне – тапсырыс берушіге жолданады.

Осы Нұсқаулыққа 9-қосымшаға сәйкес нормативтік құқықтық актілердің жобалары, сондай-ақ ұйымдастырушылық-әдістемелік, ақпараттық-аналитикалық, оқу және оқу-әдістемелік, ғылыми материалдар және ғылыми-техникалық әзірлемелер ғылыми-зерттеу нәтижелері болып табылады.

37. Тапсырыс беруші ҒЗТКЖ нәтижелерін алған күннен бастап екі ай ішінде ғылыми жұмысты қабылдауды жүзеге асырады.

38. Егер мынадай шарттар іске асырылса:

1) ғылыми-зерттеу жұмысы туралы қорытынды есеп бекітіліп, енгізу актісі бар болса;

2) ғылыми жұмысқа тапсырыс берушінің өтінімі бойынша орындалған ҒЗТКЖ нәтижелерін қабылдау актісі бекітілсе зерттеу аяқталды деп есептеледі.

39. ЖОО-лар КЖД-ға жыл сайын 20 қаңтарға осы Нұсқаулыққа 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өткен жылғы ғылыми-зерттеу қызметі туралы есеп ұсынады.

40. КЖД жыл сайын ҒЗТКЖ нәтижелерінің қорытындыларын жинақтайды және талдайды, осы қызметті жетілдіру бойынша ұсыныстар дайындайды және оларды ПО бөліністеріне жолдайды.

4. Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары қызметіне ғылыми зерттеулердің және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың нәтижелерін енгізу және оны сүйемелдеу тәртібі

41. ПО практикалық қызметіне және оқу-тәрбие процесіне ҒЗТКЖ нәтижелерін енгізу Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

42. ҒЗТКЖ нәтижелерін енгізуді сүйемелдеу – бұл ЖОО-ның тапсырыс берушіге ҒЗТКЖ-ны, оны енгізу кезінде ғылыми-әдістемелік, консультативтік, практикалық және өзге де көмек ұсыну бойынша қызметі.

43. Тапсырыс берушілер қабылдаған ҒЗТКЖ нәтижелері енгізуге жатады.

44. ҒЗТКЖ нәтижелерін енгізу бойынша міндеттеме:

1) тапсырыстар бойынша орындалғандарды ПО қызметіне енгізу – тапсырыс берушіге;

2) бастама тәртібінде дайындалғандарды ПО қызметіне енгізу – ҒЗТҚЖ нәтижелерін қабылдауды жүзеге асырған бөлініске жүктеледі.

45. ПО жүйесіндегі орган, ұйым және бөлініс басшысы (бастығы) енгізу актісінде баяндалған енгізу туралы мәліметтердің шынайлығына дербес жауапты

46. ҒЗТҚЖ нәтижелерін енгізуді ұйымдастыруды және үйлестіруді ИМ Ғылыми-техникалық кеңесінің бейінді секциялары және олардың қызмет бағыттары бойынша жетекшілері жүзеге асырады. Осы мақсатта төрағадан және комиссия мүшелерінен құралатын комиссия құрылады.

47. ҒЗТҚЖ нәтижелерін енгізу бойынша қызметті үйлестіруді және бақылауды КЖД жүзеге асырады.

48. ПО қызметіне енгізілетін ҒЗТҚЖ нәтижелерін сүйемелдеу жөніндегі іс-шараларды тапсырыс берушілер қамтамасыз етеді және ЖОО-лар – жұмысты орындаушылар ҒЗТҚЖ нәтижелерін жасауда оларға қатысу бөлігінде жүзеге асырады.

49. ПО қызметіне ҒЗТҚЖ нәтижелерін енгізуге жауаптылар оны жүргізуге тапсырыс берген ИМ бөліністері болып табылады.

50. ҒЗТҚЖ-ға тапсырыс берушілер олардың нәтижелерін ИМ қызметіне енгізуді ұйымдастырады.

51. ИМ бөліністерінің, ішкі істер және қылмыстық-атқару жүйесі департаменттерінің басшылары қызмет бағыттары бойынша:

1) ПО қызметіне ҒЗТҚЖ нәтижелерін енгізудің нысандары мен әдістерін іске асыруды;

2) ғылыми өнімнің кітапхана қорларын және деректер банктерін, құқық қорғау органдары қызметінің отандық және шетелдік тәжірибесінің материалдарын қалыптастыруды ұйымдастырады, сондай-ақ олардың жай-күйі мен толықтырылуын бақылауды жүзеге асырады, оларды тиімді пайдалану бойынша шаралар қабылдауды;

3) ҒЗТҚЖ нәтижелерін енгізу нәтижелері және олардың жедел-қызметтік міндеттерді шешуге әсерінің тиімділігі туралы есептер дайындауды ұйымдастырады.

52. ПО қызметіне ҒЗТҚЖ нәтижелерін енгізу:

1) Қазақстан Республикасының заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, ИМ нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын әзірлеу;

2) ведомстволық, мемлекеттік және салалық бағдарламаларды дайындау және іске асыру;

3) ЖОО-лардың оқу-тәрбие қызметінде пайдалану нысандарында жүзеге асырылады.

53. Кәсіби қызметтік және кәсіби даярлық шеңберінде ПО қызметіне ҒЗТҚЖ нәтижелерін енгізу әдістері:

1) қызметкерлер мен әскери қызметшілердің ғылыми зерттеу нәтижелері бойынша дайындалған әдістемелік ұсынымдарды зерделеуі;

2) ҒЗТҚЖ нәтижелерін қашықтықтан білім беру және интернет-технологияларды, бейнеконференцбайланысты пайдалана отырып, қызметкерлер мен әскери қызметшілерге жеткізу;

3) ҒЗТҚЖ нәтижелері негізінде қызметкерлермен және әскери қызметшілермен оқу-жаттығулар, тренингтер, рөлдік ойындар өткізу;

4) қызметкерлердің және әскери қызметшілердің жедел-қызметтік және қызметтік-жауынгерлік міндеттерді орындау кезіндегі іс-әрекеттері бойынша тақырыптық жадынамаларды пайдалану;

5) қызметкерлер мен әскери қызметшілердің жедел-қызметтік жұмысты жүзеге асыру кезінде әдістемелік және анықтамалық әдебиеттерді пайдалануы болып табылады.

54. ҒЗТҚЖ нәтижелеріне тапсырыс беруші осы Нұсқаулыққа 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қабылдау актісіне қол қойған сәттен бастап бір жыл ішінде, бірақ отыз жұмыс күнінен ерте емес (жүргізілген зерттеуде аралық кезеңдер болған кезде олардың нәтижелері бойынша еркін нысанда пікір дайындауға жол беріледі) ғылыми зерттеу нәтижелерін енгізуді жүзеге асырады.

Кезең-кезеңмен енгізу кезінде енгізу актісі осы Нұсқаулыққа 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құрастырылады.

55. ІМ ғылыми зерттеулер жоспары бойынша орындалған ҒЗТҚЖ нәтижелерін енгізу кезінде тапсырыс беруші енгізу актісінің көшірмелерін Кадр жұмысы департаментіне, сондай-ақ тапсырыс берушіге жолдайды.

56. ҒЗТҚЖ нәтижелерін енгізу жөніндегі міндеттемелер белгіленген мерзімде орындалмаған жағдайда тапсырыс беруші КЖД-ға және орындаушыға ҒЗТҚЖ нәтижелерін енгізуге кедергі келтірген себептер туралы дәлелді анықтама жолдайды.

57. ҒЗТҚЖ нәтижелерін енгізу нәтижелері бойынша қорытынды шығарылады, оларды ІМ қызметінде пайдалану тиімділігі талданады, қосымша ғылыми зерттеулер жүргізу мақсатқа сай екендігі туралы шешім қабылданады, ғылыми нәтижелерді және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды пайдалану бөлігінде оң тәжірибені тарату жөніндегі іс-шаралар жоспарланады.

58. Диссертациялар, монографиялар, мақалалар, оқу, оқу-әдістемелік құралдар түрінде бастама тәртібінде орындалған іргелі және қолданбалы зерттеу нәтижелері бойынша дайындалған ҒЗТҚЖ нәтижелерін ІМ қызметіне енгізуге

тек ҒЗТКЖ нәтижелерін практикалық пайдалану бойынша нақты әдістемелік ұсынымдар ІІМ бөліністеріне ұсынылған жағдайда ғана жол беріледі.

59. Іргелі зерттеу нәтижелері қабылданған жағдайда ІІМ ЖОО бейінді секцияға іргелі зерттеудің алынған нәтижелерімен байланысты зерттеудің ықтимал қолданбалы тақырыбы туралы ақпарат жолдайды.

60. Басқа мемлекеттік органдардың тапсырысы бойынша орындалған ҒЗТКЖ нәтижелерін қабылдау актілері алынған жағдайда, осы ғылыми өнім олардың қызметіне енгізілді деп есептеледі.

61. Оқу-тәрбие процесіне ғылыми зерттеу нәтижелерін енгізу ІІМ білім беру ұйымы ғылыми зерттеу нәтижелерін қабылдағаннан кейін отыз жұмыс күнінен бұрын емес уақытта жүзеге асырылады.

62. ҒЗТКЖ нәтижелерін енгізуді ІІМ білім беру ұйымдарының Ғылыми кеңесі, оқу-әдістемелік жұмысты және ғылыми және ғылыми-техникалық қызметті ұйымдастыру бөліністері және тәрбие жұмысы бөлімі жүзеге асырады.

63. Ғылыми кеңес:

1) оқу-тәрбие процесіне ғылыми зерттеу нәтижелерін енгізу нысандары мен әдістерін айқындайды, енгізуге бақылауды жүзеге асырады;

2) оқу-тәрбие процесінде ғылыми зерттеу нәтижелерін пайдалану тиімділігі туралы ақпаратты қарайды;

3) енгізу процесінде анықталған кемшіліктерді талдайды, оларды жою бойынша шаралар қабылдайды, ғылыми зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыс нәтижелерін енгізуді жетілдіру бойынша ұсынымдар әзірлейді;

4) ғылыми зерттеу нәтижелерінің оқу-тәрбие процесінің тиімділігіне әсерін бағалайды.

64. Оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлінісі:

1) ғылыми зерттеу нәтижелерін қабылдауды және оқу процесіне енгізуді ұйымдастырады;

2) оқу процесіне ғылыми зерттеу нәтижелерін енгізу туралы ақпаратты қарайды және жинақтайды;

3) енгізу процесінде анықталған кемшіліктерді талдайды, орындаушылармен бірлесіп оларды жою бойынша шаралар қабылдайды, ғылыми зерттеулерді енгізуді жетілдіру бойынша ұсынымдар әзірлейді;

4) орындаушылардың ғылыми зерттеу нәтижелерін енгізуді авторлық сүйемелдеу жөніндегі іс-шаралар өткізуін қамтамасыз етеді;

5) ғылыми-зерттеу нәтижелерінің ІІМ білім беру ұйымдарында білім алушылардың практикалық және теориялық деңгейіне әсер ету тиімділігін бағалайды.

65. Тәрбие жұмысы бөлінісі:

1) ғылыми зерттеу нәтижелерін қабылдауды және тәрбие процесіне ғылыми зерттеу нәтижелерін енгізуді ұйымдастырады;

2) тәрбие процесіне ғылыми зерттеу нәтижелерін енгізу туралы ақпаратты қарайды және жинақтайды;

3) енгізу процесінде анықталған кемшіліктерді талдайды, орындаушылармен бірлесіп оларды жою бойынша шаралар қабылдайды, ғылыми зерттеу нәтижелерін енгізуді жетілдіру бойынша ұсынымдар әзірлейді;

4) орындаушылардың ғылыми зерттеу нәтижелерін енгізуді авторлық сүйемелдеу жөніндегі іс-шараларды өткізуін қамтамасыз етеді;

5) ғылыми зерттеу нәтижелерінің оқу-тәрбие процесі нәтижелеріне әсер ету тиімділігін бағалайды.

66. Ғылыми зерттеу жұмысын ұйымдастыру бөлінісі:

1) ғылыми зерттеу нәтижелерін қабылдауды ұйымдастырады;

2) ғылыми қызметке ҒЗТКЖ нәтижелерін енгізу туралы ақпаратты қарайды және жинақтайды;

3) орындаушылардың ҒЗТКЖ нәтижелерін енгізуді авторлық сүйемелдеу жөніндегі іс-шаралар өткізуін қамтамасыз етеді;

4) ҒЗТКЖ нәтижелерінің ғылыми және ғылыми-техникалық қызметтің дамуына әсер ету тиімділігін бағалайды.

67. Кафедралар:

1) білім беру процесіне ҒЗТКЖ нәтижелерін енгізу нысандарын айқындайды;

2) ҒЗТКЖ нәтижелерін білім беру процесіне енгізеді;

3) кафедра қызметінің бағыты бойынша білім беру процесіне ҒЗТКЖ нәтижелерін енгізу тиімділігін талдайды.

68. ҒЗТКЖ нәтижелерін енгізуді сүйемелдеуді ІІМ білім беру ұйымдары – ғылыми және ғылыми-техникалық жұмыстарды орындаушылар жүзеге асырады.

69. ЖОО ҒЗТКЖ-ға тапсырыс берушілермен келісім бойынша сүйемелдеу шеңберінде:

1) басшылармен, қызметкерлермен және әскери қызметшілермен практикалық қызметте және оқу-тәрбие процесінде ғылыми зерттеу нәтижелерін пайдалану нысандары мен әдістерін түсіндіру бойынша оқыту семинарларын, дәрістер өткізеді;

2) қызметкерлерге және әскери қызметшілерге консультация беруді жүзеге асырады;

3) жауынгерлік және қызметтік даярлық жүйесінде жеке құраммен сабақтар өткізуге қатысады;

4) ҒЗТКЖ-ны енгізу нәтижелеріне талдау жүргізеді, кемшіліктерді жойып, ҒЗТКЖ нәтижелеріне оларды қабылдауды жүзеге асыру кезінде тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

5) ИМ бөліністерінде жасалатын ғылыми өнімнің кітапхана қорларын, құқық қорғау органдары қызметінің отандық және шетелдік тәжірибесінің материалдарын қалыптастыруға қатысады.

70. Бекітілген қызмет бағыттары бойынша ИМ бөліністері ИМ аумақтық органдарына инспекциялау, бақылау тексерістерін және мақсатты шығулар жүргізу кезінде ішкі істер органдары қызметіне ҒЗТҚЖ нәтижелерін енгізуді ұйымдастыру бойынша істердің жай-күйін, олардың соңғы нәтижелерге әсер ету тиімділігін зерделейді.

71. ИМ бөліністері өз құзыреті шегінде:

1) жыл сайын жедел кеңестерде ғылыми зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың нәтижелерін енгізу бойынша қызметтің жай-күйі туралы мәселені қарайды;

2) ИО аумақтық бөліністерінде инспекторлық, бақылау тексерістерін жүргізу кезінде ҒЗТҚЖ нәтижелерін енгізуді ұйымдастыру бойынша істердің жай-күйін және олардың ішкі істер органдарының жедел-қызметтік жұмысының соңғы нәтижелеріне әсер ету тиімділігін зерделейді.

3) ҒЗТҚЖ нәтижелерін есепке алуды және сақтауды ұйымдастырады.

72. КЖД жыл сайын ҒЗТҚЖ-ны орындау, сондай-ақ ИО қызметіне оларды енгізу нәтижелері туралы ақпаратты жинақтайды және талдайды.

Қазақстан Республикасы ішкі істер
органдары жүйесінде ғылыми-зерттеу
қызметін ұйымдастыру жөніндегі
нұсқаулыққа
1-қосымша

НЫСАН

Ғылыми зерттеулерді және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмысты жүргізуге өтінім

1. Ғылыми-зерттеулерге және тәжірибелік-конструкторлық жұмысқа (бұдан әрі – ҒЗТҚЖ) тапсырыс беруші – ИМ бөлінісі:

2. Орындаушы, бірлесіп орындаушылар: _____

3. Тақырып атауы: _____

4. Шығатын (күтілетін) нәтижелердің түрі және зерттеу жүргізу мерзімі: _____

5. Ғылыми зерттеу жүргізу негіздемесі: _____

6. Зерттеу нәтижелерінің практикалық мақсаты: _____

(қандай бөліністер, қызметкерлер мен әскери қызметшілер санаты үшін)

7. Тапсырыс беруші өкілінің байланыс ақпараты: _____

(Т.Ә.А., қызметтік телефоны)

Басшы _____
(ИМ бөліністері –ҒЗТҚЖ тапсырыс беруші)
арнаулы (әскери) атағы
Т.А.Ә
20 ____ жылғы " ____ " ____
М.О.

КЕЛІСІЛДІ
Бастық _____
(орындаушы ұйымның атауы)
